




Абай елі

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

БАСЫЛЫМ 1935 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№27 (722)

15 - 22 шілде 2023 ЖЫЛ



Қоғамдық мәселе



Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық-қазіргі таңдағы ең жойқын адам құқығы бұзылуының бірі. Зорлыққа жол бермеуіміз керек. Бұл денсаулық пен өмірге қауіпті мәселе гендерлік теңсіздік, билікті теріс мақсатта пайдалану және жағымсыз нормалардан бастау алады. Зорлық-зомбылық әйелдердің қоғамдық өмірге араласуына кедергі келтіреді. Гендерлік зорлық-зомбылық отбасылар мен қоғамдастық арасындағы байланысты әлсіретіп, елдердің әлеуметтік тұрақтылық пен экономикалық дамуға қол жеткізуіне жол бермейді.

Біз БҰҰ Бас хатшысының «2030 жылға қарай әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты бірлесіп тоқтатамыз» науқанына қосыламыз. Біз гендерлік зорлық-зомбылықты Қазақстанмен екіжақты ынтымақтастық, Орталық Азия елдерімен аймақтық ынтымақтастық және халықаралық ұйымдармен бірлесіп, көпжақты қолдау арқылы тоқтатуға тырысамыз.

жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия жанынан құрылған сараптамалық топ Ұлттық комиссия тарапынан, оның ішінде Сүлеймен Ляззат Жаңылысқызы, Ұлттық комиссия мүшесі Молдашева Риза Асанқызы іс сапармен келді.

Сапар басын алдымен Бөрілідегі заңғар жазушы М.Әуезовтің мұражайы үйінен бастап, кейін Сырт-Қасқабұлақ мекені, Жидебайдағы ұлы ақын Абай Құнанбайұлының музейі үйімен танысып, «Абай-Шәкәрім» кесенелеріне тағзым етті.



Келесі кезекте Қарауыл ауылында салынып жатқан қос пәтерлі 11 тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарының барысымен танысып, Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия интернатында денсаулық сақтау,

сана» салт-дәстүр орталығы әжелері және ауыл тұрғындарымен кездесті.

Аудан әкімі Нұржан Абдыкаримов қатысып, келген мамандармен бірге бірігіп Ляззат Жаңылысқызына және комиссия мүшелеріне сөз берді.

Ляззат Жаңылысқызы өз сөзінде «Ауыл әйелдерінің денсаулығы мен қал жағдайымен танысайық деп келдік. Абай облысы, Бесқарағай және Бородулиха аудандарында сапарымыз жалғасып келеді.

Жиынға қатысқан барша әйелер қауымына ризашылығымды білдіремін», - дей келе, осы сапарды ұйымдастырған аудан әкіміне рақметін жеткізді.

Жиналған ауыл тұрғындары комиссия мүшелеріне өз сұрақтарын қойып, әйелдер ісі жөніндегі комиссия мүшелерімен қызу пікір алмасты.

Денсаулыққа байланысты, тұрғын-үй, зейнетақы, әйелдердің жеке басы туралы халықты толғандырып жүрген сұрақтар қойылып, әр саланың мамандары қойылған сұрақтарды пысықтады.

Сондай-ақ, «Нұр-сана» салт-дәстүр орталығының әжелері сөз алып, қойылған сұрақтар мен жауаптарға пікірлерін білдіріп, келген қонақтарға батасын берді.

Кеш соңында аудан әкімі Нұржан Оразбекұлы комиссия төрағасының орынбасары Ляззат Жаңылысқызы мен комиссия мүшелеріне рақметін айтып, сапарларына сәттілік тіледі.

Сонымен қатар, аудан әкімдігінің мәжіліс залында кәсіпкер әйелдер қауымымен кездесу өткізіп, көкейтесті сұрақтарына жауап беріп, пікір алмасты.

Жаңыл Сағиева
«Абай елі»

Ғалымға құрмет



Әдебиетші, философ, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің директоры Тұрдықұл Шаңбай Абай музейінің жаңаша заманауи тұрғыдан жабдықталып, мазмұнының байи түсуіне зор еңбек сіңірді.

Абай музейінің қызметкерлері мен Семей қаласының зиялы қауым өкілдері ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығының директоры,

әдебиет теоретигі, даналар мұрасын зерттеудің ғылыми концепциясын дайындаған Шаңбай Тұрдықұл Қасенұлының қызмет жолынан абыроймен шығарып салды.

Аталған шараға қатысқан Абай облысының мәдениет басқармасының мәдениет, тілдерді дамыту және онаматика бөлімінің басшысы Т.Берікбекқызы Абай облысының әкімі Н.Уранхаевтың құттықтау хатын жеткізді. Қаламыздың ардагерлері З.Тоқаев ақжарма тілегін айтып Т.Қасенұлының иігіне шапан жапса, қарымды қаламгер М.Алин жазушы М.Сәрсекенің «Семей қасіреті» тақырыбындағы үш тілде дайындалған кітабын сыйға тартты.

Семей қаласының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы М.Бахатова, Абай елінен арнайы барған Кеңіргбай би ауылының әкімі

Д.Амангелдин мен Абай аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Б.Мұратов қазақы дәстүрмен Т.Қасенұлының иігіне шапан жауып, құрмет көрсетіп, Абай ауданы әкімі Нұржан Абдыкаримовтың құттықтауын жеткізді. Өлкетану музейінің директоры Қ.Зекенов, «Халық» банкінің директоры Г.Байтерекова өздерінің тілектерін айтып, ғалымға шығармашылық табыс тіледі.



Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан терең білімді, сөзге шешен Тұрдықұл Қасенұлына еңбегінің зейнетін көріп, ұзақ ғұмыр жасай беруіне тілектеспіз.

«Абай елі»

Алланың үйі халық игілігі үшін салынауда

Кейде қоғамда «мешіт көп салынып кетті» деген сөз айтылып қалады. Алпаға шүкір, мемлекеттің көмегімен мектептер мен балабақшалар салынауда. Ал жомарт жандардың, сауап іздеген азаматтардың қамқорлығымен мешіттер бой көтеруде. Сайып келгенде, бізге мешіт те, мектеп те керек. Екеуін бір-біріне қарсы қою дұрыс емес. Адам тәні азық-ауқатқа қандай тәуелді болса, біздің жанымыз да рухани азыққа сондай тәуелді. Рухани азық беретін бірден-бір орда – мешіт.



Мешіттің атқаратын қызметі, қоғамдағы орны өте үлкен. Мешіт – руханият ордасы, оқу-білімнің орталығы. Себебі мешіттеріміз тек құлшылық жасайтын орын ғана емес, діни сауат ашатын, сәбилерге азан шақырып ат қоятын, жаңадан отау құрған жас жұбайлардың ақ некесін қиятын, дүниеден өткен аяулы жандарға Құран оқытып, дұға бағыштайтын, мұқтаж жандарға қайырымдылық жасалатын, қиналған адамдарға рухани қолдау көрсететін мейірім мекені. Мешіт салудың сауабы мол болатыны сондықтан. Өздеріңізге жақсы мәлім, кешегі Алаш арыстары: «Мешіт салуға рұқсат керек. Құдайға құлшылық етуге еркіндік болсын», - деген талап қойып, ұлы арман-тілегін айтып еді. Халқымызда «Азаны бар ауыл азбайды» деген нақыл бар. Мешіт – сүйіспеншілік пен бауырмалдықтың, игілік пен ізгіліктің, бірлік пен мейірімділіктің,

барша жақсылықтың

Аллаға шүкір, қазір елімізде мешіт саны жыл санап артып келеді. Киелі Абай елінде бірқатар ауылдарда жаңа мешіттер бой көтерді. Соның бірі тірек ауыл саналатын Көкбай ауылында мамыр айынан бастап салынып жатқан мешіт құрылысы бітуге таяу. Көкбай ауылының береке-бірлігінің айғағындай ауыл тұрғындары жаңа мешіттің салынуына ат салысып, 1960 жылғы туған азаматтардан бастап 2000 жылғы жас ұрпаққа

дейін көмек қолдарын созып, өз үлестерін қосуда. Қаржылай көмектің арқасында Әрбір нәрсенің басталуы ұйымшылдықтан, ауызбіршіліктен көрініп, көптің көмегімен, тілеуімен болатыны сөзсіз. Ауыл тұрғындары құрылыс басталғаннан бері мешіт салушыларға қолдарынан келген көмектерін аямай ыстық тамақтарын әкеліп, ас-суларын жеткізіп беріп тұрды. Әсіресе ауылдың кәсіпкер азаматтарының көмегі көп тиді. Зекенов

Думан, Иманғалиев Бақытжан, Оспанов Фазыл, Абилов Қалқабек, Ермекбаев Қанатбек, Иманғалиев Абылай, Сымбат Қуандықов сынды атымтай жомарт демеушілерге алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ құрылыстың қарқынды жүруі үшін Камаз, кран, трактор техникаларымен қамтамасыз еткен Дастан Күлембаев, Құсайынов Олжас, Нұралин Әділет, Хамзин Дастан, Лдйбаев Қуат, Алдажаров Манас, Дәукішұлы Жарқын, Ринат Сейітжапаров, Ауылбек Қамбабекұлы, Қанатбекұлы Қуат, Сұлташев Бекзат сынды елім, жерім деген иманды азаматтарға ризашылығымыз шексіз.

Мешіт үйінің құрылысы сәтті аяқталып, халық игілігіне жарауына тілекшіміз.

Anar SÄRSENBİNA,
«Абай елі» газетінің
жауапты хатшысы, журналист



15 - 22 шілде 2023 жыл

Хабарландыру

ЖШС "ГОРДОРСТРОЙ" ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиылыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: "Гордорстрой" ЖШС үшін әсерге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар.

Әсер ету аумағы: ҚР, Абай облысы, Абай ауданы, Саржал ауылы.

3. Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылғы 04 қыркүйекте сағат 11.00-де Абай облысы, Абай ауданы, Саржал ауылы, әкімдіктің акт залы (Жұмағайша Жакина көшесі, 34) мекенжайы бойынша өтеді.

Карантин енгізілген жағдайда тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет:

://us04web.zoom.us/j/5065117215?pwd=UYZnkvHaVv7mbQZ0Pih6L4iPCFqRc.1

Идентификатор конференции: 506 511 7215 Код доступа: 2023gds.

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: "Гордорстрой" ЖШС, БСН 951140000072.. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, абай облысы, Семей қаласы, Красин көшесі, 76А, тел. 8 7232-57-68-16, e-mail: dorstroy_semey@mail.ru.

5. Әзірлеуші: "Лаборатория-Атмосфера" ЖШС. БСН 010240004556. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 35, н. т. 66, телефон 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

6. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>.

7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін "Гордорстрой" ЖШС, Абай облысы, Семей қаласы, Красин көшесі, 76А, e-mail мекенжайлары бойынша сұратуға болады: dorstroy_semey@mail.ru; "зертхана-Атмосфера" ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы- Каменогорск, Потанин көшесі, 35, н. т. 66, телефон 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық-І. terlikbaeva@akimatabai.gov.kz; пошта-Қазақстан Республикасы, абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Телефон 8(777) 9556334 (Лицензия №01039Р (0041574) 14.07.2007 ж. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі берген)

Объявление

ТОО «ГОРДОРСТРОЙ», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Наименование проектной документации: Материалы для получения экологического разрешения на воздействие для ТОО «Гордорстрой».

Территория воздействия: РК, область Абай, Абайский район, с.Саржал.

3. Общественные слушания состоятся 04 сентября 2023 года в 11.00 часов по адресу область Абай, Абайский район, с.Саржал, актовый зал акимата (ул. Жумағайша Жакина 34).

В случае введения карантина слушания будут проведены в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM.

Для участия в общественных слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/5065117215?pwd=UYZnkvHaVv7mbQZ0Pih6L4iPCFqRc.1> Идентификатор конференции: 506 511 7215 Код доступа: 2023gds.

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Гордорстрой», БИН 951140000072. Адрес: Республика Казахстан, область Абай, г. Семей, ул. Красина, 76А, тел. 8 7232-57-68-16, e-mail: dorstroy_semey@mail.ru.

5. Разработчик: ТОО «Лаборатория-Атмосфера». БИН 010240004556. Адрес: Республика Казахстан, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина, 35, н.п. 66, телефон 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>.

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам ТОО «Гордорстрой», область Абай, г. Семей, ул. Красина, 76А, e-mail: dorstroy_semey@mail.ru; ТОО «Лаборатория-Атмосфера», Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина, 35, н.п. 66, телефон 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

8. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний по адресам: электронный - terlikbaeva@akimatabai.gov.kz; почтовый - Республика Казахстан, область Абай, г.Семей, ул. Тұрлыханова, 30. Телефон 8(777)9556334 (Лицензия №01039Р(0041574) от 14.07.2007г. выдан Мин охраны окружающей среды РК)

Хабарландыру

Шілде-тамыз айларында «Қарауыл – туған ауылым» атты «Ең үздік видеоролик», «Ең үздік фото» номинациялары бойынша онлайн байқауын жариялаймыз.

Сайыс ережелерін алу үшін дайректке немесе жекеге жазыңыз.

БАЙҚАУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ: Байқау портреттік, тақырыптық және өзге де жанрдағы Қарауыл ауылының әсем табиғатын, көрнекі жерлерін, қарапайым еңбек адамдарының тұрмыс-тіршілігі мен келбетін көрсету, фотосурет, видеоролик арқылы туған жерімізді таныстыру, насихаттау.

Байқауға ауылымыздың кез келген азаматы қатысады. Ұялы телефон немесе басқа да құрылғыға түсірілген суреттер, видеолар қабылданады. Жеңімпаздарды анықтауда жұмыстардың креативтілігі, жаңашашылдығы, идеясының өзгешелігі мен жұмыстың мазмұны, әсерлілігі, орындау техникасы мен сапасы ескеріледі.

Жұмыстар автордың әлеуметтік желілерінде #Қарауылтуғанауылым хештегімен @ulyar_mekeni_kitarkhanasy (инстаграм әлеуметтік желісінде), (фейсбукте) аккаунттарын белгілеп салынуы тиіс. Постта автор туралы деректер аты- жөні және жұмыстарының атаулары көрсетілуі керек.

Байқауға өтініш қабылдау 20 тамыз күні аяқталады. Қорытындысы 28 тамыз күні жарияланады, сыйлықтармен марапатталады.

Ұйымдастырушылар: М.Әуезов атындағы орталық кітапхана
Байланыс телефондары: 9-11-25. 87077351719

«Әдеп кодексі нормалары мен белгіленген қағидадарлар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді

Ағымдығы жылдың 04 шілде күні Абай аудандық сотының ІІ-жарты жылдыққа арналған жоспарының 3-тармағын орындау мақсатында Абай аудандық соты қызметкерлері арасында «Әдеп кодексі нормалары мен белгіленген қағидадарлар» тақырыбында бас маман Х.Н. Қуандық дөңгелек үстел өткізді.

Аталған іс-шара барысында сот мамандары арасында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ-ның нормалары мен «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормалары» және мінез-құлық қағидалары одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығына сәйкес белгіленген стандарттар талқыланды.

Абай аудандық сотының баспасөз қызметі

| Abai eli 7

ЕСКЕ АЛУДЫҢ ҚИЫНЫ-АЙ...

Сағындым әке иісінді



Жүректі тербеп күй сынды
Биікке ұшсам сүйсіндің
Мойныңа көптен асылмай
Сағындым, әке, иісінді

Біз үшін асқар тау болған асыл әкеміз өмірден өтпейтіндей көрініп еді-ау. Биыл Қарауыл ауылының тұрғыны болған ардақты әкеміз **Шәкенұлы (Қабден) Өмірбектің** дүниеден озғанына 20 жылдың жүзі болды. Қимастық сезіммен сағына еске аламыз.

Әкеміз өз ортасына сыйлы, туған туыстарға бауырмал аға, балаларына қамқоршы әке еді. Өзекті өртер өкініштісі, өткен шақпен жазып отырғаным бұл жазбамды. Әке туралы естелік...

Өзгелерге қайдам, біз үшін әкеміз нағыз ер жүрек, қайсар, ерекше тұлға еді. Нағыз ер азаматқа тән мінезі бар еді.

Сағыныш самалы ескенде әке жайлы ән тындап, сағынышымызды басып аламыз. Әркез айтып отыратын әкелік ақылдары, туған жердің тарихи орындары, батыр-балаларымыз ерлігі жайлы айтқан шежіре әңгімелері әлі күнге бізге үлгі-өнеге, естелік болып қалды.

«Әке-асқар тау» деп бекер айтылмаған. Әкеміздің аңшылық қыры бір төбе еді. Әкеден балаға мирас болып қалған аңшылық өнер Шәкен атамыздан дарыған екен. Үлкендердің айтуы бойынша Шәкен атамыз ашаршылық кезінде бүкіл ауылды аңның етімен асырап, аман алып қалған екен. Бүгінгі таңда «әке көрген оқ жонар» демекші саятшылық өнер бауырымыз Дәулетбекке дарыған. Атамыз да, әкем де ат баптап, тазы жүгіртіп, бүркіт ұстап саятшылық өнерді жандарына серік еткен екен.

Әкем 30 жыл Мәдениет бөлімінде киномеханик болып, еңбек жолында жаз жайлауда, қыс қыстауда малшы шопандар ауылдарын аралап, қызмет қылатын. Қайтар жолда бізге тақиясына салып даланың бүлдіргенін теріп әкеліп беруші еді, сол кездегі жеген бүлдіргеннің дәмі әлі де есімізде.

Әкейдің мінезі ауырлығы сонша сирек жымиятын. Сондай бір көңілді кездерінің бірінде қоңыр дауысымен домбыраға қосылып ән де айтатын.

Адалдықты, әділдікті қашанда ту етіп өмірден өткен оның әр сөзінде өмір жолы сайрап жатқандай көрінеді. Әр айтқан ақыл сөзі, естеліктері бізге өмірлік құнды сабақ болды. Қуаныштысы сол, қасымызда ақылшымыз, берекеміз болып Анамыздың отырғаны. Анамызға тілеріміз ортамызда немере-шөбере қызығын қызықтап, Алла ұзақ ғұмыр беруін тілейміз!

Өзің кеткелі өмірдің ұқтық бекерін,
Өзің кеткелі көз жасқа толды етегім.
Дұға бағыштап, жырымызды өнді арнаймыз,
Білеміз, әке, жұмақта сенің мекенің.

Өртеніп өзек, сағынып әке өзіңді,
Сағындық бізде мейірімге толы көзіңді.
Ер жетті бүгін артыңда қалған ұрпағың,
20 жыл өтті көрмегелі жылы жүзіңді.

Сағынып еске алушы: қызы Шакенова Салтанат Өмірбекқызы.

Асқа шақыру

Әкеміз **Шәкенұлы Өмірбектің (Қабден)** өмірден озғанына 20 жыл толуына орай рухына бағышталған ас **29 шілде күні сағат 13:00-де** Қарауыл ауылындағы «Бөкенші» қатымханасында ерлер мен әйелдерге бір қатым беріледі. Қатымға барлық туған-туыс, көрші-қолаң, ауылдастарды шақырамыз
Асқа шақырушы: жұбайы Өкен, балалары.

Қарауыл ауылының тұрғыны, асыл жар, ардақты ана, немерелерінің сүйікті әжесі болған **Мариям-Күләш Түсіпқызының** өмірден өткеніне 40 күннің жүзі өтті. Жан ана-шымызды сағына еске аламыз.

Алла салды басымызға сынақты,
Жиі еске алсын деп біздерді жылатты.
Қайғысы мен қызығы көп өмір-ай,
Бірде көтеріп, бірде жығып құлатты.



Бәйтеректей әулетке сая болған,
Мейірімін бәріне де аямаған.
Рухыңыз биік, жаныңыз жәннәтта болсын,
Өзіңіздей аулы Ананы қайдан табамыз.

Сағынып еске алушылар: Балалары, немерелері, Әкішбаевтар әулеті
Анамыздың рухына бағышталған 40 күндік асы «Атамекен» мейрамханасында 30 шілде күні, ерлерге сағат 11:00 де, әйелдерге сағат 14:00 де беріледі.
Асқа барлық ағайын-туыс, құда-жежжат, ауылдастар мен дос-жарандарды шақырамыз.

● Хабарландыру Ауыл тұрғындары, кәсіпкерлер және шаруа қожалығы жетекшілері назарына!

«Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігінің Ветеринариялық Бақылау және Қадағалау Комитетінің Абай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі жеке және заңды тұлғаларға төмендегі мемлекеттік қызметті көрсетеді:

"Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру" "Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығына 2021 жылғы 14 қаңтарда Министр № 8 бұйрықпен өзгеріс енгізілді. Осы Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары және олардың бланкілеріне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 46-4) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленіп, "Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі айқындалды.

Мемлекеттік қызметке байланысты туындаған сұрақтарыңыз бойынша мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы Баян көшесі №25 үй. Телефон: 8(72252) 9-13-08

Байғабылов Куаныш Сабыржанович.
Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор



Abai eli 1

15 - 22 шілде 2023 жыл

